

ЖАН ДҮНИЕСІ ЖАЙЛЫ ІЛІМ-БІЛІМНІҢ ТҮП- ТӨРКІНДЕРІ

1 дәріс. “Қазақ психологиясының тарихы“ курсының пәні, мақсаты мен міндеттері

Қазақ халқының психологиялық ой-пікір мәдениетінің даму тарихы көне ғасырлар қойнауынан басталады.

Халқымыздың жалпы даму тарихына сүйене отырып біз психологиялық ой-пікірлердің қалыптасуын басты төрт кезеңге бөліп қарастырамыз.

Бірінші кезең – психологиялық ой-пікірлердің ілкі бастау, түп-төркіндері, басты VI-VIII ғасырлардан басталтын қазіргі түркі тектес халықтардың бәріне ортақ қоғамдық сананың алғашқы дүниеге келу кезеңдері. Бұлар халықтық психология – Орхон-Енисей жазба ескерткіштері, Қорқыт ата, әл-Фараби, Ж. Баласағұни т.б. ғұламалардың тағлымдары.

Екінші кезең – Қазақ хандығы дәуірінен басталып, (XIX ғасырдың орта тұсы), Қаза төңкерісіне дейінгі психологиялық ой-пікірлердің даму жағдаяты.

Үшінші кезең – психологиялық ғылымның Қазақстанда Кеңес өкіметі жылдарында даму тарихы.

Төртінші кезең – тәуелсіз Қазақстандағы психология ғылымының даму тарихы.

Тарихи-психологиялық зерттеулердің әдіснамалық мәселелері. Төлтумалық, өзіндік ерекшелік принципінің мәні. Психология дамуының факторлары мен заңдылықтары.

Психология тарихының егемен Қазақстан мен бодан Қазақстанда зерттелуі арасындағы айырмашылықтар.

Бүкіл халық ұстанған тәлім нормаларды адамның жан дүниесіне орайластыра баяндайтын қолданбалы мәні зор психология ғылымының бір саласы Қазақ психологиясының тарихы деп аталады. Мұнда ғасырлар бойы сұрыптала жинақталып, жүйеге түскен ұлттық дәстүр, салт-сана, әдет-ғұрып, ұрпақтан ұрпаққа біртіндеп жалғасатын адамгершілік, ақыл-ой, эстетикалық аным, еңбек, дене тәрбиесі т.б. нормалар мен принциптер, яғни халықтың жан-дүниесі, өзіндік мінез-құлқы, іс-әрекетінің ішкі астарлар сөз болады.

Ұлттық дәстүр мен салт-сананың адам психологиясынан елеулі орын алатын біркелкі тұрақты құбылыс екендігін әр кездері ғұмыр кешкен ғұламалар ерекше атап көрсеткен еді. Қазақ психологиясының тарихы – адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдердің жүйесі.